ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
М.ӘУЕЗОВ атындағы ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ

Жалпы тарих және мұражай ісі кафедрасы

т.ғ.к., аға оқытушы Тажмуханова Н.Е.

Қазақстанның жаңа және казіргі заман тарихы пәні бойынша

Тақырыбы: Қазақстан халықаралық саяси және экономикалық қатынастар жүйесінде

Шымкент

Мақсаты:

Тәуелсіз Қазақстанның халықаралық жүйедегі саяси және экономикалық қатынастарын қарастыру.


Міндеттері:

1. Қазақстанның көпвекторлық саясатын ашу
2. Шет елдермен экономикалық қатынастарын талдау
3. ҚР бейбітшілік сақтау жолындағы іс-әрекеттері

1 Сұрақ. Қазақстанның көпвекторлық саясаты

Орталық Азия мемлекеттері

АҚШ, Еуропа мемлекеттері



Ресей және Қытай

Таяу шығыс және араб елдері

Біріккен Ұлттар Ұйымы





Бас кеңсесі
АҚШ Нью-Йорк

Қосымша кеңселер:
Женева
Вена
Найроби
Ресми тілдері
Араб тілі, Қытай тілі, Ағылшын тілі, Француз тілі, Орыс тілі,
Испан тілі

БҰҰ-на кіретін мемлекеттер

Мүшелігі
193 мемлекет
Басшылары Бас хатшы
Корея Республикасы Пан Ги Мун
Ұйымдастыруы
Құрылу күні
26 Маусым 1945
Ратификация күні
24 Қазан 1945

Біріккен Ұлттар Ұйымы –

- екінші дүниежүзілік соғыстан кейін КСРО, АҚШ, Қытай және Ұлыбритания мемлекеттерінің белсенділік танытуымен құрылған халықаралық ұйым. 1945 жылы Сан-Францискодағы конференцияда антигитлерлік коалицияға мүше мемлекеттердің ұсынысымен күштерін біріктіру мақсатында құрылған егеменді мемлекеттердің халықаралық ұйымы. Бас кеңсесі орналасуы - Нью-Йорк, АҚШ. Ағымда БҰҰ құрамына 192 мемлекет кіреді. «Біріккен Ұлттар» атауын АҚШ президенті Ф.Д.Рузвельт ұсынды. Декларациясы Сан-Францискода 1945ж. 24 қазанда қабылданды. Бұл БҰҰ-ң күні деп жарияланды.

Тарихи шолу

БҰҰ ең басты әрі негізгі құжаты оның Жарғысы болып табылады. Тарихи деректерді алға тартсақ, Ұйым Жарғысының жобасы КСРО, АҚШ, Қытай және Ұлыбритания мемлекеттері өкілдерінің қатысуымен жасалған. Құжат бес тілде – орыс, ағылшын, қытай, француз және испан тілдерінде дайындалып, оған 1945 жылдың 26 маусымында Сан-Франциско конференциясында 51 мемлекет қол қойды. Ал Жарғы сол жылдың 24 қазанында аталмыш конференцияға қатысушы елдердің Жарғыны ратификациялауларына байланысты күшіне енгізілді. Содан бері 24 қазан халықаралық қоғамдастықта БҰҰ құрылған күні ретінде кеңінен аталып өтіп жүр.

Мақсаты

Жарғысына сәйкес, БҰҰ өз қызметінде келесі 4 мақсатты көздейді:

- бүкіл әлемде бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау;

- ұлттар арасындағы достық қатынастарды дамыту;

- халықаралық мәселелерді шешуде халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру мен адам құқығын құрметтеуді қолдау;

- осы мақсаттарға қол жеткізуде ұлттардың бірлесіп әрекет ететін орталығы болу.

Бас хатшы

Секритарият басшысы

БҰҰ лидері, ұйым тарапынан мәлімдемелерді ұсынады және жасайды. Әлемдегі мүмкін қауіптерді таратады.

(5 жылға сайланады)

Қауіпсіздік Кеңесі

15 мемлекет

Халықаралық бейбіт пен қауіпсіздіктің жауапкершілігі артылады

- халықаралық санкцияларды енгізеді
- БҰҰ бітімгерлік күштерін бағыттайды
- Өткізілген әскери операцияларды санкциялайды

Үнемі мүше елдер: **«вето құқығы»** 5



Уақытша мүше елдер: 10

(2 жылға таңдалады)

Секретариат

БҰҰ-ның жұмысын қамтамасыз етеді

Қызмет аясы алуан түрлі. Бітімгершілік операцияларды басқару, халықаралық тіреулерде делдалдық ету, экономикалық және әлеуметтік барлауларды құру, адам құқығы және даму бойынша баяндама және т.б.



БҰҰ Бас Ассамдлеясы

192 мемлекет

Басты кеңестік, нұсқаулы және өкілеттік орган

1 мемлекет = 1 дауыс
Жыл сайынғы сессия: қыркүйек - желтоқсан

БҰҰ Халықаралық соты

15 сот

Дауларды және келіспеушіліктерді шешу

Шекаралық және территориялық, заңсыз күш қолдану мәселелерімен айналысады, сондай-ақ Қауіпсіздік Кеңесіне, Мемлекеттік Ассамблеяға және басқа да БҰҰ органдарына кеңес береді

Қамқорлық бойынша Кеңес

Қамқорға алынған мемлекеттерді бақылау және басқару

1 қазан 1994 жылы өз жұмысын тоқтатты.

Арнайы мекемелер

БҰҰ тапсырмасымен құрылған арнайы жұмыстарды атқаратын дербес халықаралық ұйымдар

ЮНЕСКО, ДДСҰ, ФАО, ХЕҰ, АҚХА және т.б.

Бағдарламалар және қорлар:

ЮНКТАД - БҰҰ сауда және даму жөніндегі конференциясы
ЮНИСЕФ - БҰҰ Балалар қоры
ЮНЕП - БҰҰ Қоршаған орта жөніндегі бағдарламасы
БҰҰ-Хабитат - БҰҰ Елді мекендер жөніндегі бағдарламасы, және басқа бағдарламалар

Экономикалық және әлеуметтік Кеңес

БҰҰ-ның экономикалық, әлеуметтік облыстарындағы және оның арнауы мекемелерінің әріптестігін құрылымдастырады.

2 Сұрақ. Түркітілдес мемлекеттер:



Тәуелсіз түркітілдес мемлекеттер

1. Әзірбайжан
2. Қазақстан
3. Қырғыстан
4. Өзбекстан
5. Түркия
6. Түркменстан


Тіл
Дін
Мәдениет
Түркі халықтарына ортақ болатын
Салт-дәстүрінің ұқсастығы
Ежелден қалыптасқан тарихы
Мемлекеттер дің Орталық Азияда орналасуы

Интеграция түрлері:


Саяси бағыты – мемлекеттердің халықаралық ұйымдарға мүше болуымен байқалады (БҰҰ – 26.06.1945; ЕҚЫҰ – 1994; ЕуАзЭҚ – 10.10. 2000; ИКҰ – 1969; ШЫҰ – 15.06.2001; ОАЫҰ – 27.12.1994;)

Экономика бағыттары – сауда – экономикалық қатынастарын дамыту, екі және көп жақты өндіріс құрылысын жүргізу, ғылыми – өндірістік тәжірибе алмасу, инженер – техникалық кадырларын дайындау, экспорт және импорт байланысын жүзеге асыру (ЭЫҰ – Экономикалық ынтымақтастық ұйымы, Каспий мұнай өндіруіне қатнасу).

Мәдени қарым – қатынастарды дамыту жолдары – этно – мәдени орталықтардын жұмысын жүргізу, апталықтар, көрмелер, концерттер ұйымдастыру, ғылыми семинар және конференцияларды өткізу (ТҮРКІСОЙ ұйымының қызметін жалғастыру, Түркі Академиясының ашылуы, 2001 ж. Астанада ЕҰУде түркі өркениетіне арналған коференция өттілді).


Түркітілдес мемлекеттер ынтымақтастығы

20 қазанда 2011 ж. Астана қ. Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстанға ресми сапармен және Түркітілдес мемлекеттер Ынтымақтастық кеңесінің I Саммитіне қатысу үшін келген Әзербайжан Республикасының Президенті Ильхам Алиевпен кездесті.



Қазақстан – Қырғызстан: Жаңа стратегиялық әріптестікке соңғы қадам.

11.05.2012 ж. Ақордада Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Астанаға екі күндік ресми сапармен келген Қырғыз Республикасының Президенті Алмазбек Атамбаевты қабылдады.



Түркі халқынан шыққан атақты адамдар:

1. Әзірбайжан – Полат Бюль-Бюль-Оғлы – әнші, мәдениет министрі; У. Гаджибеков - композитор.

2. Қазақстан – Олжас Сулейменов – ақын, түріктанушы; Тоқтар Әубәкіров – космонавт.

3. Қырғыстан – Шынғыс Айтматов – жазушы; Роза Отунбаева – саясаткер.

4. Түркия – Юнус Емре – ақын, философ; Аднан Сайғұн – көрнекті композитор.

5. Өзбекстан – Малик Каюмов – кинооператор; Карим Шониёзов – ғалым, этнограф.

Орталық Азияда қалыптасқан түркітілдес мемлекеттерде – 140 млн. халық тұрады.

“Түркі бірлігі ескірген әлемге жаңа көкжиек ашады”.

(Мұстафа Кемал Ататүрік)

Болашақта тарихи – мәдени үрдіс түркі – ислам өркениетінің ошақтары боп табылады.

(Н. Назарбаев)

Еуропа Одақпен қатынастарды дамыту

2009 – « Еуропаға жол » бағдарламасын іске асыру:

1. Еуропа мемлекеттермен байланыстарды дамыту
2. Технология қарым-қатынастарды дамытуға жағдай жасау
3. Энергетикалық қатынастарды дамыту
4. Көлік қатынастарын іске асыру

5. Сауда-экономикалық байланыстары
6. Гуманитарлық бағыттар
7. Қазақ институтционалды құқық негіздерін дамыту жолында Еуропа елдерінің тәжірибелік улгісін пайдалану

Республикалық “Өрлеу” институтының біліктілікті дамыту бағдарламасы



Лиссабон қ. “ISEL” университетінде тәжірибе алмасу



АҚШ

Энергетика саласын бірге пайдалану

Ғылым, техника және гуманитарлық сала

Бейбітшілік орнату жолында терроризм, экстремизмге қарсы күрес жүргізу

3 Сұрақ.

Қазақстанның бейбітшілік сақтау жолындағы іс-әрекеттері:

1. Қазақстан Республикасы көп ұлттық мемлекет ретінде толерантты принципты үлгі тұту
2. Барлық мемлекеттер және ұлттармен бейбітшілік саясат жүргізу
3. Ядролық қауіпсіздік және қарусыздандыру үрдісін жалғастыру

Халықаралық ұйымдарға мүше болу және іс-шараларға белсенді түрде қатнасу (ЕҚЫҰ, ШЫҰ)

Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы

Секретариат
Вена, Аустрия

Мүшелігі
56 мемлекет
11 ынтымақтастық әріптес

Басшылары

Бас хатшы
Ламберто Заньер

Төраға
Аудронюс Ажубалис

ЕҚЫҰ БАҚ мәселелері бойынша өкілі
Дунья Миятович

Азшылық ұлттар істер жөніндегі ЕҚЫҰ жоғарғы комиссары
Кнут Воллебек

Ұйымдастыруы
ЕҚЫЖ
Шілде 1973

Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Жиынының Хельсинки қорытынды акті
Шілденің 30 – Тамыздың 1, 1975

Париж Хартиясы
Қарашаның 21 1990

ЕҚЫҰ
Қаңтардың 1 1995

Тарихы

20 ғасырдың 70-жылдары Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі кеңес негізінде құрылды. 1994 жылы Будапештте өткен мемлекеттер мен үкіметтер басшыларының кездесуінде аталған кеңесті Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі ұйым деп атау жөнінде шешім қабылданды. Бұл — Еуропа, Азия және Солтүстік Америка құрлығының 55 мемлекетімен консенсус (бір ауыздылық) негізінде келіссөздер, кеңесулер өткізіп, саяси шешімдер қабылдауға арналған көп тарапты құрылым. Мүше мемлекеттер басшыларының кездесулерінде ұйым қызметінің басты бағыттарын айқындайтын негізгі құжаттар қабылдайды. Мұндай кездесу 2 жылда 1 рет өткізіледі. Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі ұйымның Министрлер кеңесі мән-маңызы жағынан екінші басшылық органы болып саналады. Оның мәжілісі мемлекеттер басшылары кездесуінің аралық кезеңінде жылына 1 рет өтеді. Басшылық кеңесі саяси және жалпы бюджеттік сипаттағы мәселелерді талқылап, нақтылайды, оның мәжілісі Прага қаласында өтеді. Сондай-ақ, ол Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі ұйымның экономикалық форумы ретінде де шақырылады. Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі ұйымның Тұрақты кеңесі — ағымдағы саяси шешімдерді қабылдайтын негізгі жұмысшы орган. Мүше мемлекеттердің тұрақты өкілдерінен құралады. Оның апталық мәжілістері Венада өтеді. Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі ұйым органы — Қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық форумы шеңберінде қарулану мен қарусыздануға бақылау орнату, өзара сенім мен қауіпсіздікті нығайту жөнінде келіссөздер жүргізеді. Ұйымның лауазымды басшысы — бас хатшы, оны Министрлер Кеңесі 3 жыл мерзімге тағайындайды. Сондай-ақ, ұйымның құрамында Аз ұлттардың ісі жөніндегі 9 жоғарғы комиссар, Демократиялық институттар мен адам құқылары жөніндегі бюро және Парламенттік ассамблея бар.

ЕҚЫҰ және Қазақстан

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі кеңестің тәжірибелерін бөлісу мақсатымен, оның негізгі принциптерін басшылыққа алуға міндеттеме қабылдап, екі жақты тығыз байланыс орнатты. Хельсинкиде өткен Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі ұйымға қатысушы елдердің жоғары дәрежедегі кездесуінде бұл ұйымға жаңадан қосылған елдерге жан-жақты көмек көрсетуге арналған бағдарлама қабылданды. Бағдарламада Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі ұйымына қатысушы елдердің бай тәжірибесін жаңадан қосылған елдерге тарату жоспарланған. Осы бағдарлама аясында Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі ұйым басшылығының өкілдері Қазақстанға бірнеше рет (1992-99) іссапармен келді. Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі ұйым басшыларының Қазақстанға алғашқы ресми сапары 1993 жылы болды. Делегацияны ұйымның сол кездегі төрағасы, Швеция сыртқы істер министрі Маргарет Аф Углас бастап келді. Сапар нәтижесінде ұйымның Орталық Азиядағы ықпалы кеңейе түсті. Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі ұйымына қатысушы елдер мемлекет және үкімет басшыларының жоғары дәрежедегі басқосуларына (1994 жылы Будапештте, 1996 жылы Лиссабонда өткен) Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев қатысып, Лиссабон саммитінің пленарлық мәжілісіне төрағалық етті. Қазақстан сыртқы істер министрі Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі ұйым сыртқы істер министрлер Кеңесінің мәжілісіне (1995 жылы Будапештте, 1997 жылы Копенгагенде, 1998 жылы Ослода) қатысып, онда Еуропадағы қауіпсіздік мәселелері мен Қазақстан ішкі саясатындағы реформалар барысы туралы сөз етілді. Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі ұйымының Венада өткен (1999) Тұрақты кеңесінің мәжілісінде Қазақстан Сыртқы істер министрі баяндама жасады. Қазақстанның Венадағы тұрақты өкілдігі (1995) Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі ұйымының түрлі құрылымдарымен тығыз байланыс орнатқан. Алматыда Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі ұйымының өкілдігі ашылған.

Қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі ұйым Аз ұлттар жөніндегі бас комиссары Макс Ван Дер Стул Қазақстанға өзінің алғашқы сапарын 1994 жылы бастады. 1995 жылы екі рет болып, Қазақстанның барлық аймақтарын аралады. Іс жүзінде елдегі этносаралық қатынастардың қандай дәрежеде екенін көрді. Соның нәтижесінде, Локарнода (Швейцария, 1996) Макс Ван Дер Стулдың ұйымдастыруымен "Қазақстан: XXI ғасыр табалдырығында біртұтас көпэтносты қоғам орнату" деген тақырыпта дөңгелек үстел; Алматыда "Жаңа тәуелсіздік алған мемлекеттерде этникалық қатынастарды жан-жақты жетілдіру" деген тақырыпта конференция өтті. Мәжілістің аяқталуына арналған сөзінде Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі ұйым Бас комиссары Қазақстан басшылығының елдегі этносаралық келісімді сақтау мен нығайтудағы табыстарын жоғары бағалады. Орталық Азиядағы адам құқығының қорғалуы жөнінде Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі ұйым Демократилық институттар мен адам құқығы жөніндегі бюросының (Алматыда, 1994) семинары өтті. 1997 жылдың соңы, 1998 жылдың бас кезінде Алматыға Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі ұйым Бас хатшысы Джонкарло Арагон, Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі ұйымның қазіргі төрағасы, Польшаның сыртқы істер министрі Б.Горемек келді. Сапар барысында олар Қазақстан Президентімен, Премьер-Министрмен, Парламенттің палата Төрағаларымен, Қорғаныс және Сыртқы істер министрімен кездесулер өткізді. Әскери қауіпсіздік - Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі ұйымның қызметіндегі маңызды сала. Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі ұйым шеңберінде Еуропадағы әскери күштер туралы келісім 1990 жылы жасалған. Оған Қазақстан 1992 жылы қосылды. Бұл Келісім Атлантикадан Оралға дейінгі ядролық емес құрлықтағы әскер және әуе күштерін халықаралық заңдармен шектеп отыруға арналған. Қазақстан Парламенті мүшелері 1996 жылдан бастап Стокгольмдегі Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі ұйым Парламенттік ассамблеясының жұмыстарына араласып, ұйымға қатысушы елдер парламенттерімен тұрақты байланыс орнатқан.

Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы



Secretariat	Бейжің, Қытай
RATS	Ташкент, Өзбекстан
тілдер	орысша, қытайша
Мүшелігі	6 member states 4 observer states
Басшылары	
Төраға	Болат Нұрғалиев
Ұйымдастыруы	15 маусым 2001

ШЫҰ және Қазақстан

- ШЫҰ – қызметі басқа мемлекеттерге немесе халықаралық ұйымдарға қарсы бағытталған әскери блок болып табылмайды. Сонымен қатар, ШЫҰ өз мүшелерінің арасында әртүрлі салаларда кең ынтымақтастықтың дамуын қарастырады.
- Қазақстанның ШЫҰ бойынша әріптес елдермен тең дәрежедегі диалогқа сындарлы және мақсатты қатысуы Қазақстанның өңірдегі ұстанымын күшейтеді, Ұйымның қағидаттарына толық сәйкес келетін мемлекеттер арасында өзара сенім мен түсіністіктің арта түсуіне көмектеседі. ШЫҰ-ның 2 жетекші ойыншысы – Ресей мен Қытайдың арасында орналасқан Қазақстан өңірлік ынтымақтастықтың жасампаз бастамалары мен жобаларын белсенді қолдайтын Ұйымның маңызды буыны болып табылады.

- 1996 жылы Шанхай үдерісі басталғалы бері Қазақстан – ШЫҰ аясында жан-жақты өзара іс-қимылдың белсенді қатысушысы болып табылады. Қазақстан Ұйымның аясында өтетін лаңкестікке қарсы әскери жаттығуларға, ғылыми конференциялар мен форумдарға тұрақты қатысып отырады, ШЫҰ құқықтық базасының нығаюына үлкен үлес қосып келеді. 2006 жылы Қазақстан Бейжіңдегі Хатшылықтың жанындағы және Ташкенттегі Өңірлік лаңкестікке қарсы құрылымның Атқарушы комитетіндегі өзінің тұрақты өкілдігінің аппаратын алғашқы құрғандардың бірі болды.

- 2007 жылдан бастап 2009 жылдың соңына дейін ШЫҰ бас хатшысы болып Болат Нұрғалиев (Қазақстанның өкілі), Аймақтық лаңкестікке қарсы Ташкенттегі құрылымның Атқарушы комитетінің директоры болып Мырзақан Субанов (Қырғызстан өкілі) тағайындалды. ШЫҰ-ның әрбір жұмыс органында Қазақстанның атынан 6 адам қызмет атқаруда.
- 2006 жылғы маусымның 15-інде Шанхайда өткен саммитте Қазақстан ШЫҰ Азия энергетикалық стратегиясын жасауға бастама көтерді. Бұл ШЫҰ-да сауда-экономикалық салада тәжірибелік ынтымақтастықтың басталуына түрткі болды. Сондай-ақ ҚР Президенті ШЫҰ аясында заңсыз көші-қонмен күрес жөнінде келісім жасасуды ұсынды.

Пысықтау сұрақтары:

1. ЕҚЫҰ-ға Қазақстан қай жылы төраға қызметін атқарды?
2. Қазақстанда істейтін шетел компанияларын атаңыз?
3. ОҚО іске асқан халықаралық жобаларды атаңыз?
4. Пан Ги Мунның қазіргі кездегі атқаратын қызметінің маңызы?
5. Қазақстанның Түркия мемлекеттімен сауда-экономикалық қатынастары қандай дәрежеде?

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан әлем санасатын, әлемге айналды. Егемен Қазақстан, 2005 ж. 30 қыркүйек.
2. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан 2050» стратегиясы.
3. Тоқаев Қ. ҚР дипломатиясы. 2001 ж.
4. Ермаков В.А. Казахстан в современном мире. Алматы, 2003 г.
5. Корганова С.С. Международные организации. Шымкент, 2004 г.